

Қарғалы ауданының Александровка селосын - Шәмші Қалдаяқов ауылы деп қайта атау туралы

Бірлескен Ақтөбе облысының әкімдігінің 2007 жылғы 11 шілдедегі № 210 қаулысы және Ақтөбе облысының мәслихатының 2007 жылғы 11 шілдедегі № 388 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2007 жылғы 23 шілдеде N 3219 тіркелді

Ескерту. Орыс тіліндегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "аул" сөзі "село" сөзімен ауыстырылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 11.12.2015 № 452 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 359 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес, Қарғалы аудандық мәслихаты мен әкімдігінің, облыстық ономастика комиссиясының ұсыныстарын есепке алып, **облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қарғалы ауданының Александровка селосы - Шәмші Қалдаяқов ауылы деп қайта аталсын.

2. Осы қаулы және шешім ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Сессия төрағасы, облыстық мәслихаттың хатшысы